



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ

Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ



СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015

ішінде мына бір нәрсеге тоқтала кетейік. Хорезмшахының әскері әр түрлі ұлт өкілдерінен құралған. Тарихшы Жувейнидің айтуына қарағанда, Мауереннахрдағы басты қала – бір ғана Самарқанд гарнизонындағы әскердің жалпы саны 110 000 адам, оның 60 мыңы түркі, 50 мыңы тәжік болған еді [4, 251 б.]. Тәжіктер мен түркілер арасында татулық болмады. Яғни, бірлік жоқ жерде тірлік жоқ деген халық даналығы осыны көрсетсе керек. Оның үстіне Тәжіктер түркілерді төменшіктетті. Керісінше, түркілер моңғолдарға жақындау болды. Оның үстіне Шыңғыс хан әскерінде бірнеше түркі тілдес тайпалардың құрамалары жүрді және де түркілер моңғолдармен жалпы ортаазиялық көшпелі салт-дәстүрлері жағынан да жақын еді. Осы жақындықтарды моңғолдар қатты пайдаланды. Тіпті, достық келісімге сенген түркілерді әлсіетіп алып, соңынан жойып жіберген кездері де болды. Мысалы, Самарқанды қоршау кезінде моңғолдар хорезмшах Мұхаммедтің анасы Теркен-қатынның ағасы басқарған түркі гарнизонының бір бөлігін өздеріне әскери қызметке қабылдауға келісіп, бірақ қаланы алған соң 20 көсем басқарған 30 000-дық түркі жасағын жазық далада қоршауға алып, қырып тастады. Осындай жолмен 1223 жылғы Оңтүстік орыс даласындағы Калка өзені бойында орыстарды талқандап, одан кейін өздері келесімге шақыра отырып тоқтатып қойған половецтердің әскери қолын жойып жіберген болатын. Сонымен бірге, хорезмшахының жіберген қателігі, ол әскери-стратегиялық-тактикалық қателік. Яғни, 1216 жылғы Торғай даласындағы моңғолдармен ұрыста олардың ашық даладағы соғыс өнеріне тәнті болып, екінші мәрте ашық соғысқа жүрегі дауаламады. Сол себепті, ол Шыңғыс ханның әскерінен ешбір кем түспейтін армиясын әр қалаға бөліп орналастырып, нәтижесінде жеңіліске ұшырады.

#### **Қолданылған әдебиет:**

1. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Издание исправленное. – Алматы: Ғылым, 1995.
2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата: Рауан, 1992.
3. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. – Алматы: Атамұра, 1996. – I том.
4. Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы (Көне дәуірден біздің заманымыздың ХІҮ ғасырына дейінгі кезең). 1-кітап. – Алматы: Білім, 2005.

УДК 929

### **ХАЛЕЛ АРҒЫНБАЕВТЫҢ ТВОРЧЕСТВОСЫ**

**Утарбаева Альбина**

[Alba\\_2802@mail.ru](mailto:Alba_2802@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты, Астана,  
Қазақстан

Ғылыми жетекші – т.ғ.к., доцент З.Ө. Ибадуллаева

Қазақ халқы туралы этнографиялық деректер ерте кездерден белгілі. ХІХ ғасырдың екінші жартысында Ш.Уәлиханов пен Ы.Алтынсарин, орыс ғалымдары Г.Н.Потанин, И.Г.Андреев, Н.Аристов, А.Левшин өз дәуіріндегі қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті жайында құнды еңбектер жазып кеткен. Қазақстанда этнография ғылымының дамуының маңызды кезеңі соғыстан кейінгі жылдарда басталады. Қазақ этносы ғылыми тұрғыдан жүйелі түрде этнографиялық зерттеуден 20-жылдардан бастап өткен. Соның ішінде Халел Арғынбаев қазақ этнографиясының ғылыми негізін салуға, ілгері дамытуға қосқан үлесі зор. Өзінің артындағы ғылыми қауымға, көпшілік жұртшылыққа алтын қор етіп қалдырған сүбелі еңбектерінің құндылығы еш уақытта кемімейді.

Халел Арғынбаев Павлодар облысы Баянауыл ауданында 21 қыркүйек 1924 жылы дүниеге келген. Халел Арғынбаев 2-дүниежүзілік соғысқа қатысқан. 1951 жылы ҚазПИ-ді

бітіргеннен кейін [Талдықорған облысы Жаркент](#) қаласында педагогика училищесінде мұғалім, 1957 жылдан бастап Қазақстан Ғылым Академиясының тарих, [археология](#) және этнология институтының кіші, аға ғылым қызметкері, этнологиялық бөлімінің меңгерушісі, институттың бас ғылыми қызметкері болды. Қазақ халқының тарихи этнографиясын (көшпенділік, мал шарушылығы, қолөнері оқу ағарту, отбасы) зерттеуге зор үлес қосты. Осы салада 200-ден астам ғылыми еңбектері мен бірнеше ғылыми монографиялар жазған. 1959–76 жылдар арасында Қазақстанның бірқатар облыстарына арнайы ұйымдастырылған этнографиялық экспедицияларды басқарды. Қазақстан және [Орта Азия](#) халықтарының тарихи-этнография атласын жасауға ат салысты. Арғынбаев Қазақстандағы этнография ғылымының негізін салған академик Ә.Х.Марғұланның ғылыми мектебінің дәстүрін дамытты.

Халел Арғынбаевтың елеулі орын алатын еңбектерінің бірі «Қазақ шежіресі хақында». Шежіреге бару үшін мол білім мен біліктілікті, азаматтық арлы сезім мен адал ниет бірінші орында тұруы қажет. Сонда ғана қарабайыр шежіреден арылып, өрелі шежіреге кезек келетіні хақ. Шежіре деген- атадан-балаға ауызша жеткізілетін мұрағат десек, сол мұрағаттың дәстүр сабақтастығы арқылы күні бүгінге дейін жетіп, бүгінгі күні басылуы қуанарлық та құптарлық іс [1, с.72]. Шежіре — тарих атты ғылымының бір саласы ғана емес, тарихты толық танытар ғылыми қайнар көздердің бірі десекте болады. Сондықтан кез келген халық өзінің тарихын, тарихи-ұлттық генезисіне барлау жасағанда халықтың шежіресін кесіп өтпейді. Оған міндетті түрде тоқталып отырады.

Қазақ шежіресі деген- аса ауқымды ұғым. Мұның да әлі толық зерттеліп, ғылыми тұжырым орнытпаған. Себебі, кешегі Кеңес өкіметі кезінде ұлттық шежіре мәселесін кеңінен қарастыруға тыйым салынды. Оны феодализмнің сарқыншағы деп түсіндірілді. Кейбір зерттеген ғалымдарға күдікпен қараушылық, ұлтшылдық тұрғысынан тану белең алды. Соның салдарынан көптеген ғалым тарихшылар бұл өңірге ауыз сала қоймады. Көбіне айналып өтуге, ғылыми айналымға арқа сүйемеуге тырысты. Десе де, бұл салаға терең барлау жасап, теориялық сараптама негіздеген Халел Арғынбаев пен Марат Мұқанов және тарихшы, ғалым Вениамин Востров. Бұл үш ғалым халқымыздың шежіресін зерделеуде қолынан келгендерін аянған жоқ. Оған дәлел-үш жүздің шежіресі хақында жазған еңбектері.[2]. Бұл еңбектер ұлтымыздың шежіресін толық қамти алмайтыны анық. Бірақ Кеңес заманына, тоталитарлық жүйе дәуірлеп тұрғанда халқымыздың шежіресін талмай зерттеп, бір жүйеге түсіріп, хал-қадірінше батыл бағыт ұстанғанына біз бүгін алғыс айтуымыз керек.

«Қазақ шежіресі хақында» атты осы үш автордың еңбегі — ұлттық мәдениетіміздің ауыз толтырып айтарлық рухани мұра. Баспаның бұл ғалымдарды «этнография ғылымының көшбастаушысы» азаматтары деп атағанда орынды. Көзі тірісінде осы еңбектерін тағы бір зердесінен сүзіп өткен Халел Арғынбаев және Марат Мұқановта кітап болып шыққанын көре алмай өмірден кетті. Еңбектің аты айтып тұрғандай, бұл қазақ халқының күллі шежіресін қамти қоймағандықтан да, «хақында» деп құрастырушы дұрыс атаған. Бүгінгідей ғылымның ауыр кезкңінде, ғылымнан дарынды азаматтар кетіп жатқан кезде академик М.Қозыбаевтың «енді Халелдей, Мараттай жанартаулар қазақ этнографтары арасынан шығуға жазсын!» деген алғы сөздегі ағына жарылған тілегінің де мәні мол.

«Қазақ шежіресі хақында» атты кітабы үш бөлімнен тұрады. Ұлы жүздің, орта жүздің және кіші жүздің тектік шежіресін қамтиды. Айта кетерлік жағдай, кітап негізінен ғылыми деректерге сүйенгендіктен мұнда авторлар материал жинау үстінде әрбір тайпа, рудың белгілі, беделді шежірешілерінің деректерімен қатар өткен ғасырлардағы сібір қазақтары шекара басқармасының,бұрынғы КСРО Ғылым академиясы мен Орталық мемлекеттік тарих архивтерінің,сондай-ақ басқа да көптеген тарихи орындардың көне материалдарын жан-жақты пайдалана білген.

Мұнда басты назар аударарлық жайт, Х.Арғынбаевтың қалыптасқан ғалым ретінде зерттелетін проблеманың ерекшелігін жан-жақты талдауы болып табылады. Ол Солтүстік, Орталық, Шығыс Қазақстанның этникалық құрамдағы ру-тайпалардың өзгезелігін көрсете

алады. Автордың кейінгі жариялымдары секілді, бұл еңбек жан-жақты ғылыми, әдеби тілмен жазылған және оқырманға түсінікті.

Ол мұрағаттық деректер, революцияға дейінгі және кеңестік кезеңдегі жариялымдар негізінде XVIII-XX ғғ. басындағы Қазақстан аумағындағы алты обылыстағы және Бөкей ордасындағы қазақ ру-тайпаларының орналасу аймақтарын зерттеген. Тәуелсіз қазақстанның құрыла бастаған кезінде екі көрші ұлы державалық мемлекеттер-Ресей және Қытай шекара мәселесін қайта қарастырып, Қазақстан аумағын өзіне қарай тартуды көздеген болатын. Ғалымның зерттеулері қазақ жерлеріне негізсіз көз алартушылардың империяшыл арандатушылық әрекетіне ғылыми тойтарыс беретін құнды еңбек екендігі даусыз. [3]

Халел Арғынбаев шежіре ғана емес отбасы тарихы туралы зерттеушілердің бірі. Кең-байтақ қазақ жерінде бірінен бірі шалғай қоныстанған қазақ жұртшылығының отбасы тарихындағы өзгешіліктері мен ортақ жайлар Арғынбаевтың еңбектерінде толық камптылады. Төңкеріске дейінгі қазақ өміріне байланысты деректерді, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, діни сенімдер мен дәстүрлер жайындағы мәліметтерді көпті көрген, кәрікұлақ қарттардан ауызба-ауыз сұрау арқылы жинастырып, қазіргі жағдайды тікелей бақылау, әр жатағы ерке әйелдермен әңгімелесу және арнайы жасалған анкеталар толтыру арқылы жинаған. Қазіргі отбасы мен неке мәселесін жан-жақты зерттеу мақсатымен ауылдардағы балалар бақшасы, мектеп, кітапхана жұмысымен, аулдық АХАЖ-дың тіркеу дәйтелерімен, халық соттарындағы некеге байланысты қаралған істермен танысып, олардан көптеген деректер алынған.

Айта кететін бір жайт, ғалым өзінің еңбектерінде қазақтың отбасылық, некелік қатынастар тарихын көршілес бауырлас халықтар тарихымен салыстыра отырып зерттеп, түйіндеген. Осының өзі ғалымның еңбектеріне танымдық құндылығын арттыруға септігін тигізген. Қазақ халқының отбасы тарихынан көп мағлұматты қазақтың ауыз әдебиеті береді. Сондықтан ғалым қазақ эпостары мен ертегілеріндегі кездескен деректерді мұқият пайдалануға тырысқан.

Халел Арғынбаев өзінің ғылыми өмірінде бірсыпыра кітаптар, мақалалар жазып кеткен. Солардың арасында “Мал ауруларын емдеудегі казактын халықтык тәжрибесі туралы этнографиялык очерк” (1962), “Қазақ халқындағы семья мен неке” (1973), “Қазақтың ертұрман жабдықтары” (1969), “Свадьба и свадебные обряды у казахов” (1973), “Дәстүрдің озығы бар” (1981), “Краткий очерк научно-педагогической и общественной деятельности академика А. Х. Маргулана” (1984), “The kinship system and customs connected with the ban on pronouncing the personal names of elder relatives among the Kazakhs (Система родства и обычаи, связанные с запретом на произношение имен старших родственников у казахов)” (1984) және т.б. еңбектері жарық көрген.

#### **Қолданылған әдебиет:**

1. Арғынбаев Х., Мұқанов М.С., Востров В.В. Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000, 72 б.
2. Текібаев А.Ә. Заты-шежіре.//Түркістан.2000-5 сәуір.
3. Алдабергенов Қ., Баткеева Б. тарихтың тарлан бірлігі//Сарыарқа самалы. 2004.30 қазан.

УДК 39

### **КУМЫС У СОВРЕМЕННЫХ СКОТОВОДЧЕСКИХ НАРОДОВ ЕВРАЗИИ**

**Федоров Святослав Игоревич**

[ammoreman@mail.ru](mailto:ammoreman@mail.ru)

Студент III курса, гр. Б-ИМО-12, Северо-Восточного Федерального Университета им.

М.К. Аммосова, г. Якутск

Научный руководитель – к.и.н., доцент, Яковлева К.М.